



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ НОТАРИАТТЫҚ ПАЛАТАНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК ЖУРНАЛЫ

# БЮЛЛЕТЕНЬ НОТАРИУСА

НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НОТАРИАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ



4'2021

[www.notariat.kz](http://www.notariat.kz)





# БЮЛЛЕТЕНЬ НОТАРИУСА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ НОТАРИАТТЫҚ  
ПАЛАТАНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
ЖУРНАЛЫ

НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ  
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ  
НОТАРИАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ

## В НОМЕРЕ:

### НОВОСТИ

В Республиканской нотариальной палате **2 стр.**

Обзор рабочих встреч и мероприятий с участием представителей Республиканской нотариальной палаты за июль-август **8 стр.**

В регионах **13 стр.**

### ЕРЕЖЕ

Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы туралы **16 стр.**

### ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА

**Ирина Перевалова**  
Меры по охране наследственного имущества в свете действующего законодательства **23 стр.**

**Гульнара Рыспекова**  
Роль нотариата в превентивном правосудии. Исполнительная надпись как способ внесудебного разрешения гражданских споров **28 стр.**

**Жанар Кенешова**  
Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлестің мұрагерлеріне өтуі: даулы мәселелер **38 стр.**

**Айдана Бежежанова**  
Мәміле куәландыру реті, куәландыру кезінде кездесетін жайттар **42 стр.**

**Олеся Перицова**  
Финансовый мониторинг в нотариате, с изменениями на март 2021 года **45 стр.**

**Есен Акишев**  
Вопросы дисциплинарной практики, в нотариальной палате Акмолинской области **49 стр.**

**Центр повышения квалификации нотариусов при Республиканской нотариальной палате**  
Вопросы и ответы по итогам обучающих мероприятий, организованных Центром повышения квалификации нотариусов **52 стр.**

### МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ

**Григорий Щирий**  
Опыт работы Единой информационной системы нотариата Республики Беларусь **55 стр.**

## Журнал 2001 жылдан бастап шығады

**Меншік иесі:** Республикалық нотариаттық палата. Басылым 2003 жылы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркелген. Куәлігі № 4512 – Ж

**Редакциялық кеңес:** Әсел Жанәбілова – Республикалық нотариаттық палата төрайымы, Мүгілсім Әмірова – Республикалық нотариаттық палата төрайымының кеңесшісі, Сара Идрышева – заң ғылымдарының докторы, ҚазГЗУ профессоры, Мереке Габдуалиев – заң ғылымдарының кандидаты, Ресей жаратылыстану академиясының профессоры.

**Бас редактор:** Толқын Әлиева

**Корректорлар:** Ғалия Сұлтанова, Айжан Гусева

**Беттеу:** Дмитрий Барков

Редакцияның жазбаша рұқсатынсыз материалдарды қайта басуға, көшіруге немесе таратуға тыйым салынады.

Басылымда жарияланған фактілер мен ақпараттар үшін бар жауапкершілік авторлардың мойнында. Редакция мақала авторының көзқарасына жауап бермейді.

Редакцияның мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарайшық көшесі, 38 үй, 5 кеңсе.

Тел./факс: 8 (7172) 50-88-26; электронды пошта: [npn\\_npn@mail.ru](mailto:npn_npn@mail.ru)

ЖШС «ПрофиМакс ДК» басылып шықты.

Баспахана мекенжайы:

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Жеңіс даңғылы, 63/1, тел./факс: 8 (7172) 38-22-86, 38-04-84,

электронды пошта: [profimax\\_dk@mail.ru](mailto:profimax_dk@mail.ru)

[www.profimax.kz](http://www.profimax.kz)

Пішімі 60x84/8.

Тапсырыс № 2898

© Республикалық нотариаттық палата, «Бюллетень нотариуса», 2021 жыл.

4'2021  
Ш І Л Д Е - Т А М Ы З

[WWW.NOTARIAT.KZ](http://WWW.NOTARIAT.KZ)

## В РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НОТАРИАЛЬНОЙ ПАЛАТЕ

**Қазақстанда алғашқы электрондық нотариаттық мәміле жасалды**

Осы жазда нотариус нотариаттық іс-әрекеттерді электронды түрде жасай алатын заң нормасы күшіне енді және нотариус дайындаған қағаз жеткізгіштегі құжаттың электрондық құжатпен бірдейлігін, ал электрондық құжаттың қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдейлігін куәландыруға болатын жаңа нотариаттық іс-әрекеттер жасауға құқылы.

Аталған нотариаттық іс-әрекеттерді жасау «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-1, 99-1, 99-2-баптарымен реттелген.

Республикалық нотариаттық палатаның төрайымы Әсел Жанәбілова атап өткендей, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде электрондық нотариатты дамытуға бағытталған өзгерістердің негізгі міндеті нотариаттың көмегімен мемлекет атынан азаматтар мен бизнестің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін «цифрлық айналым» үшін сенімді құқықтық құралдар құру болып табылады.

Жеке деректердің қауіпсіздігіне және электрондық тізілімдердің дұрыстығына кепілдік беретін Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе заңнамалық бастамаларды іске асыру үшін негіз болды. Қауіпсіздік кепілдіктерінен басқа, күшіне енген өзгерістер құқықтық қызметтерді ыңғайлы, тез, қолжетімді алуға мүмкіндік береді, сондай-ақ уақыт пен қаржы шығындарын айтарлықтай үнемдейді.

Аталған жаңашылдықтарды азаматтар мен нотариустар оң қабылдады.

Сонымен, 2021 жылдың 04 шілдесінде Нұр-Сұлтан қаласының нотариусы Санжар Кенжеғали нотариаттық іс-әрекет жасауға өтініш білдірген адамның сұрауы бойынша алғаш рет нотариаттық іс-әрекетті электро-

**В Казахстане совершена первая электронная нотариальная сделка**

Этим летом вступили в силу нормы, в соответствии с которыми нотариус может совершить нотариальное действие в электронной форме, а также удостоверить равнозначность электронного документа, изготовленного нотариусом, документу на бумажном носителе и обратно.

Совершение названных нотариальных действий регламентировано статьями 44-1, 99-1, 99-2 Закона Республики Казахстан «О нотариате».

Как отмечает председатель Республиканской нотариальной палаты Асель Жанәбілова, «основной задачей вступивших в силу изменений, направленных на развитие электронного нотариата в рамках государственной программы «Цифровой Казахстан», является создание надежных правовых инструментов для «цифрового оборота» с помощью нотариата, который от имени государства обеспечивает защиту прав и законных интересов граждан и бизнеса».

Важно, что базой для реализации законодательных инициатив выступила Единая нотариальная информационная система, которая гарантирует безопасность личных данных и достоверность электронных реестров. Помимо гарантий безопасности вступившие в силу изменения позволят получать правовые услуги удобно, быстро, доступно, а также существенно сэкономят как временные, так и финансовые затраты.

Упомянутые нововведения граждане и нотариусы восприняли положительно.

Так, 04 июля 2021 года нотариус города Нур-Султана Санжар Кенжеғали по просьбе лица, обратившегося за совершением нотариального действия, впервые совершил нотариальное действие путем изготовления нотариального документа в электронной форме.

нды түрде нотариаттық құжат дайындау жолымен жасады.

*«Отандық нотариаттың тарихында алғаш рет электронды түрде нотариаттық іс-әрекет жасалды. Азамат, бұрынғыдай, нотариусқа өзі келіп, құжаттың дайындалған жобасының мәтінін оқып, танысып, оны менің көз алдымда сандық қолтаңбаға арналған графикалық планшеттің көмегімен қол қойып, содан кейін құжат менің электрондық цифрлық қолтаңбаммен куәландырылды», – делінген нотариустың Facebook желісіндегі жеке парақшасында.*

Сондай-ақ, жазбада азаматтар электронды құжаттарды, сонымен қатар қағаз жүзіндегі құжаттарды нотариустар қашықтықтан жасамайтындығына, оларды тек жеке өздері келген кезде ғана куәландыратындығына назар аудару керек екенін атап өтті, себебі нотариустар азаматтардың жеке басын анықтауға, нақты ерік-жігерін білуге, құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге, нотариаттық іс-әрекеттердің салдары туралы ескертуге және т. б. міндетті.

Сонымен қатар, нотариустың айтуынша, *«электрондық құжаттардың бірқатар артықшылықтары бар. Мысалы, электрондық құжатты тіпті оның бірдейлігін куәландыру арқылы да басқа қалаға жіберудің қажеті жоқ, оны жоғалтуға, оның сыртқы түрін бұзуға, мәтініне қандай да бір түзетулер енгізуге немесе жалпы жалған құжат жасауға мүмкін емес. Кез келген мүдделі тұлға құжаттағы QR-кодты оқу арқылы барлық құжаттың мазмұнын қарай алады, ал қағаз жеткізгіштегі құжаттар бойынша нотариаттық акт туралы қысқаша мәліметтерді ғана көре алады».*

Сондай-ақ, 01 шілдеден бастап азаматтар нотариустарға қағаз жеткізгіштегі құжаттың электрондық құжатпен бірдейлігін, ал электрондық құжаттың қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдейлігін куәландыру үшін жүгінеді.

Жаңа нотариаттық іс-әрекеттер қазірдің өзінде халық арасында кең таралған.

*«Әрине, жаңа өзгерістер енгізілгеннен бері барлығы өте ыңғайлы болды. Әсіресе*

*«Впервые в истории отечественного нотариата совершил дематериализованное нотариальное действие в электронной форме. Гражданин, как и раньше, лично явившись к нотариусу, прочитав и ознакомившись с текстом подготовленного проекта документа, подписал его в моем присутствии с помощью графического планшета для цифровой подписи, после чего документ был удостоверен посредством моей электронной цифровой подписи», – говорится в посте нотариуса, опубликованном на личной странице в Facebook.*

В посте также отмечается, что гражданам стоит обратить внимание на то, что электронные документы, как и документы на бумажном носителе, нотариусы не совершают дистанционно, а удостоверяют их исключительно при личной явке лиц, ввиду того, что нотариусы обязаны устанавливать личность обратившихся лиц, выяснять действительную волю, разъяснять права и обязанности, предупреждать о последствиях совершаемых нотариальных действий и т.д.

Вместе с этим, по словам нотариуса, *«электронные документы имеют ряд преимуществ. К примеру, их не нужно передавать в другой город (в том числе и путем придания равнозначности), их невозможно утратить, невозможно подделать, испортить внешний вид документа, внести какие-либо поправки в текст документа. Любое заинтересованное лицо путем считывания QR-кода на документе может просмотреть содержание всего документа, тогда как по документам на бумажном носителе можно просмотреть только краткие сведения о нотариальном акте».*

Также с 01 июля граждане обращаются к нотариусам за удостоверением равнозначности электронного документа, изготовленного нотариусом, документу на бумажном носителе и документа, изготовленного нотариусом на бумажном носителе, электронному документу.

Новые нотариальные действия уже имеют популярность среди населения.

*«Конечно, с вступлением новых изменений все стало очень удобно. В моем случае –*

мен үшін. Бұрынғы жұбайым соңғы бірнеше жыл бойы Шымкентте тұрады. Екеуміздің ортақ баламыз бар. Жыл сайын баламызды шетелге жіберу үшін айтарлықтай қаражат пен уақыт жоғалтатын едік. Себебі, өзімнің нотариалды куәландырылған келісімді басқа қалаға жіберу үшін бұрын әуежайға немесе вокзалға барып, такси немесе курьер шақыртып жеткізетін едім. Енді, жай ғана өз қаладағы нотариусқа барып, нотариустың қағаз тасығышта жасаған құжатының электрондық құжатқа баламалылығын куәландыру арқылы өз сұрағымды бір мезетте шеше аламын», – деп нотариус клиенттерінің бірі нотариаттың жаңа мүмкіндіктері туралы әсерімен бөлісті.

«Электронды құжатты қағаз құжатқа немесе керісінше балама ету бойынша жаңа нотариаттық әрекеттердің арқасында азаматтар нотариалды куәландырылған қағаз құжатымен нотариусқа жүгіне алады, нотариус оны сканерлеп нотариаттық жүйеге жүктейді. Нотариаттық әрекетке жүгінген адамға құжаттың деректемелері хабарланады және ол оны алушы адамға жеткізуі тиіс, себебі сол арқылы еліміздің кез-келген аймағындағы нотариусқа осы мәліметтерді хабарлау арқылы жүктелген нотариаттық құжатты ала алады. Оның күші бастапқы құжатқа (сенімхат, келісім, өтініш, көшірме және т.б.) тең болады», – деп түсіндіреді Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының төрағасы, Нұр-Сұлтан қаласының нотариусы Олег Полумордвинов.

тем более. Бывшая супруга последние пару лет проживает в Шымкенте. У нас общий ребенок и каждое лето я оформлял согласие на выезд ребенка за границу и это было крайне неудобно и затратно. Теперь, для того чтобы передать нотариальный документ в другой город, мне не надо мчаться в аэропорт или на вокзал, вызывать такси или курьера. Я просто могу обратиться к нотариусу в своем городе и удостоверить равнозначность документа, изготовленного нотариусом на бумажном носителе, электронному документу», – поделился впечатлениями о новых возможностях нотариата один из клиентов нотариуса.

«Благодаря новым нотариальным действиям по приданию электронному документу равнозначности документу на бумажном носителе и обратно, граждане могут обратиться к нотариусу с нотариально удостоверенным бумажным документом, нотариус отсканирует его и загрузит в нотариальную систему. Лицу, обратившемуся за нотариальным действием, будут сообщены реквизиты документа, которые необходимо передать получающему лицу, и это лицо в любом регионе страны, обратившись к нотариусу и сообщив данные реквизиты, получит загруженный нотариальный документ. Он будет равнозначен по силе изначальному документу (доверенности, согласия, заявления, копии и прочее)», – объясняет председатель Дисциплинарной комиссии Республиканской нотариальной палаты, нотариус города Нур-Султана Олег Полумордвинов.

### **Состоялась встреча с председателем Верховного Суда Республики Казахстан Жакипом Асановым**

Главной проблемой казахстанского законодательства, регулирующего вопросы совершения исполнительной надписи, является то, что законодателем изменен подход к определению критерия бесспорности, заменив его субъективным. Об этом заявила председатель Республиканской

нотариальной палаты Асель Жанабилова в ходе деловой встречи с председателем Верховного Суда Республики Казахстан Жакипом Асановым, состоявшейся 26 августа 2021 года.

Это предоставило недобросовестным должникам возможность произвольно воспрепятствовать совершению и исполнению исполнительной надписи, а нотариусов – подталкивает к отказу в ее совершении, во избежание судебных разбирательств и

ответственности. «Для должника это повод затянуть процесс исполнения обязательств, путем подачи возражений, отмены исполнительной надписи, так как в этом случае взыскатель должен будет инициировать исковое производство, для завершения которого необходимо дополнительное время», – сказала Асель Жанабиллова.

Республиканская нотариальная палата, в целях эффективного достижения цели институтом внесудебного урегулирования споров, неоднократно поднимала вопрос о необходимости перехода к объективному критерию установления бесспорности требования.

По мнению нотариального сообщества, возврат к объективному критерию установления бесспорности требования приведет также к устранению еще одной проблемы, связанной с направлением уведомления должнику.

Председатель РНП также рассказала о сложившейся судебной практике, в частности, о том, что в отношении нотариусов выносятся частные определения, ссылаясь на то, что отмена исполнительной надписи предусмотрена законом только по возражению должника.

Фактически сегодня законодатель предоставил право должнику в случае несогласия с предъявленным взыскателем требованием подать нотариусу возражение, и в этом случае нотариус отменяет совершенную исполнительную надпись. Но и не установил запрет на отмену нотариусом совершенной исполнительной надписи по заявлению самого взыскателя, в пользу которого она была совершена.

«Сегодня нотариальная практика, как и судебная по совершению исполнительных надписей не однозначна. Считаем, что в данном случае вынесение частных определений в адрес нотариусов неоправданно. Такая практика ведет к тому, что некоторые нотариусы теперь уже стараются «не связываться» с исполнительными надписями», – заявила председатель РНП.

По итогам встречи была достигнута договоренность о формировании единообразной правоприменительной судебной и нотариальной практики в свете действующего законодательства, а также подготовке Верховным Судом обобщения судебной практики рассмотрения дел и материалов по вопросам, связанным с совершением исполнительных надписей до конца октября т. г.

## МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО



**Достижения нотариатов Казахстана и Германии были обсуждены на 2-м немецко-казахстанском семинаре**

18 августа 2021 года состоялся 2-й немецко-казахстанский семинар на тему:



«Современный нотариат в эпоху цифровизации», организованный Федеральной нотариальной палатой Германии совместно с Республиканской нотариальной палатой Казахстана во исполнение Соглашения о сотрудничестве между Республиканской

нотариальной палатой Казахстана и Федеральной нотариальной палатой Германии.

Семинар открыла председатель Республиканской нотариальной палаты Асель Жанабиллова, которая рассказала о достижениях казахстанского нотариата и повышении его роли в обеспечении защиты прав и законных интересов граждан, а также выведение качества оказываемых нотариусами услуг на современный высокий уровень, соответствующий глобальным мировым тенденциям.

В свою очередь представитель Федеральной нотариальной палаты Германии по международным отношениям, президент Комиссии по международному нотариальному сотрудничеству Международного союза нотариата Ричард Бок в ходе приветственного слова обозначил прогресс в вопросе вступления Казахстана в МСН и сообщил, что МСН на своем пленарном заседании, которое предположительно состоится в сентябре 2022 года, примет Казахстан в свой состав. По его мнению у МСН не имеется никаких поводов отказать Казахстану в приеме в ее члены.

В ходе семинара на основе докладов экспертов Федеральной нотариальной

палаты Германии Марии Мейер и Вероники Корман, выступивших с темами «Роль нотариусов в борьбе с отмыванием денег», «Учреждение ООО онлайн», состоялся интерактивный обмен вопросами и ответами между участниками.

Также блок вопросов был посвящен обсуждению вопросов, связанных с использованием депозита нотариуса для осуществления расчетов по соглашению между должником и кредитором. Санжар Кенжегали и Ричард Бок рассказали об особенностях использования депозитного счета нотариуса в Казахстане и Германии.

Нотариус города Нур-Султана Олег Полумордвинов рассказал об электронных сервисах Казахстана, находящихся на службе нотариата, продемонстрировал возможности нотариальной системы ЕНИС.

В рамках работы семинара и его проблематики было задано много вопросов и организовано продуктивное общение, обмен опытом работы.

Всего на участие в работе семинара из Казахстана зарегистрировалось 30 человек, из них 3 с сообщениями и докладами, а 27 нотариусов в качестве слушателей.



**Нотариусы Казахстана и Беларуси обсудили актуальные вопросы нотариальной деятельности в условиях современных реалий на первом белорусско-казахстанском семинаре**

19 августа 2021 года состоялся двусторонний белорусско-казахстанский семинар,



организованный Белорусской нотариальной палатой совместно с Республиканской нотариальной палатой Казахстана.

Мероприятие было посвящено рассмотрению некоторых вопросов по внедрению цифровых технологий в нотариальную деятельность, освещению достижений в этой области за последние годы, а также



последним изменениям и дополнениям, внесенным в законодательство о нотариате двух стран.

На открытии семинара выступили председатели нотариальных палат Белоруссии и Казахстана Наталья Борисенко и Асель Жанабиллова.

Приветствуя участников семинара Асель Жанабиллова подчеркнула важность и необходимость проведения подобных встреч, которые осуществляются в рамках реализации Соглашения о сотрудничестве между нотариальными палатами стран-участниц ЕАЭС.

«Такие встречи, – сказала председатель, – позволяют нотариусам Казахстана и Белоруссии не только обмениваться профессиональным опытом, но и вносить свою лепту в сотрудничество между нашими странами и народами».

Наталья Борисенко также отметила актуальность проведения семинара в свете сегодняшнего этапа развития нотариата и

информационных технологий. По словам председателя БНП, проблематика семинара полностью соответствует задачам, поставленным руководством двух нотариатов, по повышению эффективности сотрудничества в области инноваций и информационных технологий, обмена опытом.

Кроме того, в рамках состоявшихся дискуссий казахстанские и белорусские нотариусы обсудили вопросы безналичного расчета через депозит нотариуса.

В работе семинара по приглашению Республиканской нотариальной палаты Казахстана приняли участие представители Министерства юстиции Республики Казахстан.

Главный специалист отдела методологического обеспечения и контроля в сфере регистрационной службы Департамента юстиции г. Нур-Султана Багьжан Салменова презентовала работу сервисной программы Е-апостиль.



*Диас Ермаков, 10 лет*



*Қалдыбай Аниша, 3 года*



*Аниша Қалдыбай, 6 лет*



*Аружан Жексембай, 14 лет*

**Шілде-тамыз айларында Республикалық нотариаттық палата өкілдерімен өткен кездесулер мен іс-шараларға шолу**

**01 шілде 2021 жыл** – Республикалық нотариаттық палата жанында құрылған Нотариустардың біліктілігін арттыру орталығының 2021 жылға арналған Жұмыс жоспарын орындау мақсатында «Өсиет бойынша мұрагерлік: теориясы мен тәжірибесі» тақырыбында вебинар өтті. Заң ғылымдарының кандидаты, М. С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университетінің Құқық жоғары мектебінің доценті Ұлбала Құдиярованың дәріс сабағын 129 нотариус тыңдап шықты.

**02 шілде 2021 жыл** – Республикалық нотариаттық палата жанында құрылған Нотариустардың біліктілігін арттыру орталығының 2021 жылға арналған Жұмыс жоспарын орындау мақсатында «Кәмелет жасқа толмаған тұлғалардың қатысуымен өтетін нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың ерекшеліктері» тақырыбында вебинар өтті. Алматы қаласының нотариусы, заң ғылымдарының магистрі Айман Абылқасымованың дәріс сабағын 144 нотариус тыңдап шықты.

**02 шілде 2021 жыл** – Хабар 24 телеарнасының эфиріне «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы шықты, оның барысында Республикалық нотариаттық палатаның төрайымы Әсел



Жанәбілова мен Нұр-Сұлтан қаласының нотариусы Олег Полумордвинов Қазақстан нотариаты үшін заңнамадағы соңғы негізгі өзгерістері туралы айтып берді.

**04 шілде 2021 жыл** – Атамекен Бизнес телеарнасының эфиріне «Итоги BRIEF» бағдарламасы шықты, оның барысында Нұр-Сұлтан қаласының нотариусы Олег Полумордвинов 2021 жылғы 01 шілдесінен бері республиканың нотариустары белсенді

**Обзор рабочих встреч и мероприятий с участием представителей Республиканской нотариальной палаты за июль-август**

**01 июля 2021 года** в рамках исполнения Плана работы Центра повышения квалификации нотариусов при Республиканской нотариальной палате на 2021 год состоялся вебинар на тему «Наследование по завещанию: теория и практика». Лекцию к.ю.н., доцента Высшей школы права АО «Университет КАЗГЮУ им. М.С. Нарикбаева» Улбалы Кудияровой прослушали 129 нотариусов.

**02 июля 2021 года** в рамках исполнения Плана работы Центра повышения квалификации нотариусов при Республиканской нотариальной палате состоялся вебинар на тему «Особенности совершения нотариальных действий с участием несовершеннолетних лиц». Лекцию нотариуса города Алматы, магистра юридических наук Айман Абылқасымовой прослушали 144 нотариуса.

**02 июля 2021 года** в эфир телеканала Хабар 24 вышла программа «Цифровой Казахстан», в ходе которой председатель Республиканской нотариальной палаты Әсел Жанәбілова и нотариус города Нур-Султана Олег Полумордвинов рассказали о ключевых для нотариата Казахстана последних изменениях законодательства.

**04 июля 2021 года** в эфир телеканала Атамекен Бизнес вышла программа «Итоги BRIEF», в ходе которой нотариус города Нур-Султана Олег Полумордвинов рассказал о новых нотариальных действиях,

түрде жасап жүрген жаңа нотариаттық іс-әрекеттер туралы айтып берді.

которые нотариусы республики уже активно совершают с 01 июля 2021 года.

**2021 жылғы 08 шілде** қазақстандық нотариаттың аса маңызды күндер күнтізбесіне енді. Себебі дәл осы күні нотариус Санжар Кенжеғали отандық нотариаттың тарихында алғашқы рет дематериализацияланған нотариаттық іс-әрекетті электронды нысанда жасады.

**08 июля 2021 года** по праву можно внести в календарь значимых дат казахстанского нотариата, так как именно в этот день нотариусом Санжар Кенжеғали впервые в истории отечественного нотариата было совершено дематериализованное нотариальное действие в электронной форме.

Нотариустар жыл сайын өздерінің кәсіби мерекесі Нотариат күнін **14 шілде** күні тойлайды. Дәл осы күні 1997 жылы Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңына қол қойылды. Жылда нотариаттық қызметке деген адалдығы мен кәсіпқойлығымен ерекшеленетін қауымдастықтың негізгі мұрасы, еліміздің нотариустары Республикалық нотариаттық палатаның наградаларымен марапатталады. Биыл Қазақстандағы жекеше нотариат институтының қалануына 24 жыл толуына байланысты Республикалық нотариаттық палата Басқармасының шешімімен және аумақтық нотариаттық палатаның өтінішімен 33 нотариус «Нотариат саласындағы адал еңбегі үшін» медальға, 109 нотариус құрмет грамотасына, 110 нотариус алғыс хатқа лайық болды.

**14 июля** нотариусы празднуют свой профессиональный праздник – День нотариата, который ежегодно отмечается в день подписания Закона Республики Казахстан «О нотариате». Главным достоянием нотариального сообщества являются нотариусы республики, чей профессионализм и преданность нотариальной службе каждый год отмечаются наградами Республиканской нотариальной палаты. В этом году в преддверии празднования 24-летия со дня основания института частного нотариата в Казахстане решением Правления Республиканской нотариальной палаты и по ходатайству территориальных нотариальных палат 33 нотариуса были удостоены медали «Нотариат саласындағы адал еңбегі үшін», 109 нотариусов – почетными грамотами, 110 нотариусов – благодарностями Республиканской нотариальной палаты.

**17 шілде 2021 жыл** – Республикалық нотариаттық палатаның атқарушы директоры Гүлнара Рыспекова Алматы облысының адвокаттар алқасының шақыруымен Алматы облысының адвокаттары үшін нотариустармен жасалатын атқарушылық жазбалар туралы семинар өткізді.

**17 июля 2021 года** исполнительный директор Республиканской нотариальной палаты Гульнара Рыспекова по приглашению Алматинской областной коллегии адвокатов провела семинар по вопросам совершения нотариусами исполнительной надписи для адвокатов Алматинской области.

**19 шілде 2021 жыл** – «Электрондық үкімет порталында» «Ашық үкімет» – «Ашық НҚА» бөлімінде жария талқылау үшін «Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 32 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрі бұйрығының жобасы жарық көрді.

**19 июля 2021 года** на «Портале электронного правительства» в разделе «Открытое правительство» – «Открытые НПА» для публичного обсуждения был размещен проект приказа Министра юстиции Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 31 января 2012 года № 32 «Об утверждении Правил по нотариальному делопроизводству».

**2021 жылғы 21 шілдесінен** бастап, нотариустар адвокаттар мен жеке сот орындаушылар сияқты «Kaspi Bank» АҚ-ның серіктестері қатарына кірді. Енді нотариустар Kaspi Pay жүйесіне қосылып, ағымдағы шотты онлайн ашып, төлемдерді Kaspi Pay қосымшасы арқылы қабылдай алады. Бұл азаматтарға нотариаттық іс-әрекеттер үшін ақыны Kaspi QR арқылы төлеуге мүмкіндік береді.

**21 июля 2021 года** нотариусы, как и адвокаты, и частные судебные исполнители вошли в категорию партнеров АО «Kaspi Bank». Теперь нотариусы могут подключиться к Kaspi Pay и открыть текущий счет онлайн и принимать оплату за пару секунд через приложение Kaspi Pay, что позволит гражданам осуществлять оплату за нотариальные услуги через Kaspi QR.

**22 шілде 2021 жыл** – «Электрондық үкімет порталында» «Ашық үкімет» – «Ашық НҚА» бөлімінде жария талқылау үшін «Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің тізілімдерін жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 360 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрі бұйрығының жобасы жарық көрді.

**22 июля 2021 года** на «Портале электронного правительства» в разделе «Открытое правительство» – «Открытые НПА» для публичного обсуждения размещен проект приказа Министра юстиции Республики Казахстан «О внесении изменений в приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 30 апреля 2021 года № 360 «Об утверждении Правил ведения реестров единой нотариальной информационной системы».

**04 тамыз 2021 жыл** – «Электрондық үкімет порталында» «Ашық үкімет» – «Ашық НҚА» бөлімінде жария талқылау үшін «Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 31 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрі бұйрығының жобасы жарық көрді.

**04 августа 2021 года** на «Портале электронного правительства» в разделе «Открытое правительство» – «Открытые НПА» для публичного обсуждения размещен проект приказа Министра юстиции Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 31 января 2012 года № 31 «Об утверждении Правил совершения нотариальных действий нотариусами».

**2021 жылғы 16 тамыздан** бастап, жылжымайтын мүлік құқығын электронды тіркеу үшін төлем ақыны Kaspi.kz мобильді қосымшасында Kaspi gold арқылы жасауға болады.

**С 16 августа 2021 года** оплату за электронную регистрацию прав на недвижимое имущество можно произвести с Kaspi gold в мобильном приложении Kaspi.kz.

**18 тамыз 2021 жыл** – Қазақстанның Республикалық нотариаттық палатасы мен Германия Федералды нотариаттық палатасы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімді орындау мақсатында Германия Федералды нотариаттық палатасы Қазақстанның Республикалық нотариаттық палатасымен бірге ұйымдастырған «Цифровизация дәуіріндегі қазіргі нотариат» атты екінші неміс-қазақстандық семинар өтті.

**18 августа 2021 года** состоялся 2-й немецко-казахстанский семинар на тему: «Современный нотариат в эпоху цифровизации», организованный Федеральной нотариальной палатой Германии совместно с Республиканской нотариальной палатой Казахстана во исполнение Соглашения о сотрудничестве между Республиканской нотариальной палатой Казахстана и Федеральной нотариальной палатой Германии.

**19 тамыз 2021 жыл** – ЕАЭҚ қатысушы елдердің нотариаттық палаталарының ынтымақтастық туралы келісімін орындау барысында Беларусь нотариаттық палатасы Республикалық нотариаттық палатасымен бірге ұйымдастырған «Қазіргі таңдағы нотариаттық қызмет. Өзекті мәселелері» тақырыбында екіжақты беларусь-қазақстандық алғашқы семинар өтті.

**20 тамыз 2021 жыл** – Республикалық нотариаттық палатаның төрайымы мен ІТ маманы Әсел Жанәбілова мен Елдос Сабырбеков Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің вице-министрі Әсет Тұрысовтың төрағалығымен өткен мемлекеттік қызметтерді алу және жеке және заңды тұлғалармен өзара байланыс кезінде «egovMobile» мобильдік қосымшасы арқылы құжаттардың цифрлық нысанын көрсету мүмкіндігін және цифрлық құжаттардың қағаз тасығыштардағы құжаттармен теңдігін талқылау бойынша ZOOM арқылы кеңестің жұмысына қатысты.



**20 тамыз 2021 жыл** – Республикалық нотариаттық палатаның атқарушы директоры Гүлнара Рыспекова Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған «Қазақстан Республикасындағы сот билігі: қалыптасуы және дамуы» тақырыбында өткен халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция жұмысына қатысты.

**19 августа 2021 года** в рамках реализации Соглашения о сотрудничестве между нотариальными палатами стран-участниц ЕАЭС состоялся двусторонний белорусско-казахстанский семинар на тему «Нотариальная деятельность в современных условиях. Актуальные вопросы», организованный Белорусской нотариальной палатой совместно с Республиканской нотариальной палатой Казахстана.

**20 августа 2021 года** председатель и IT-специалист Республиканской нотариальной палаты Асель Жанәбілова и Елдос Сабырбеков посредством ZOOM приняли участие в работе совещания Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан под председательством вице-министра Асета Турысова для обсуждения вопроса предоставления возможности услугополучателям при получении государственных услуг и при взаимодействии с физическими и юридическими лицами цифровую версию документов, реализованную в мобильном приложении «egovMobile», и равнозначности цифрового документа документу на бумажном носителе.



**20 августа 2021 года** исполнительный директор Республиканской нотариальной палаты Гүлнара Рыспекова приняла участие в работе международной научно-практической онлайн конференции, посвященной 30-летию Независимости и Дню Конституции Республики Казахстан, «Судебная власть в Республике Казахстан: становление и развитие» и выступила с докладом на тему «Роль нотариата в превентивном правосудии. Исполнительная надпись как способ разрешения гражданских споров».

**20 тамыз 2021 жыл** – Республикалық нотариаттық палатаның атқарушы директоры Гүлнара Рыспекова Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Мейрамбек Таймерденовтың шақыруымен «Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 5 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулының жобасын қарауға арналған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Ғылыми-консультативтік кеңесінің отырысына қатысты.

**20 тамыз 2021 жыл** – Республикалық нотариаттық палата мен Республикалық заң консультанттары алқасы арасында жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен еркіндігін және заңды қызығушылықтарын қамтамасыз ету, құқықтық мәдениетін қалыптастыру және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

**24 тамыз 2021 жыл** – Республикалық нотариаттық палатаның төрайымы Әсел Жанәбілованың атына Вьетнам нотариустары қауымдастығының президенті, 2021 жылға тағайындалған Азия елдерінің мәселелерімен айналысатын UNIL комиссиясының (САА) төрағасы Туана Дао Тхань ағымдағы жылдың 24 қыркүйегінде онлайн форматта ұйымдастырылатын САА жылдағы пленарлық отырысқа байқаушы ретінде шақыру хат келіп түсті.

**26 тамыз 2021 жыл** – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Жақып Асанов Республикалық нотариаттық палатаның төрайымы мен атқарушы директоры Әсел Жанәбілова мен Гүлнара Рыспековамен атқарушылық жазбаларды жасау мәселелерін, сондай-ақ, нотариат туралы қолданыстағы заңнамаға қатысты сот және нотариаттық құқық қолданудың біркелкі

**20 августа 2021 года** исполнительный директор Республиканской нотариальной палаты Гүлнара Рыспекова по приглашению председателя судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан Мейрамбека Таймерденова приняла участие в работе заседания научно-консультативного совета при Верховном Суде Республики Казахстан, в ходе которого участники обсудили проект нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 28 апреля 2000 года № 5 «О применении судами законодательства при рассмотрении дел о расторжении брака (супружества)».

**20 августа 2021 года** между Республиканской нотариальной палатой и Республиканской коллегией юридических консультантов подписан меморандум о сотрудничестве в целях повышения правовой грамотности граждан и формирования правовой культуры, защиты прав, свобод и законных интересов физических и юридических лиц.

**24 августа 2021 года** на имя председателя Республиканской нотариальной палаты Асель Жанабиловой поступило приглашение от президента Вьетнамской ассоциации нотариусов и действующего председателя Комиссии МСН по делам Азии (САА) на 2021 год Туана Дао Тхань принять в качестве наблюдателя участие в работе ежегодного пленарного заседания САА, которое состоится онлайн 24 сентября т. г.

**26 августа 2021 года** председатель Верховного Суда Республики Казахстан Жакип Асанов провел встречу с председателем и исполнительным директором Республиканской нотариальной палаты Асель Жанабиловой и Гүлнарой Рыспековой, в ходе которой были обсуждены проблемные вопросы совершения исполнительных надписей, а также формирования единооб-

тәжірибесін қалыптастыру сұрақтарына арналған кездесу өткізді.

**26 тамыз 2021 жыл** – видеоконференцбайланыс арқылы «Қаржы мониторингі халықаралық оқу-әдістемелік орталығы» АҚҰ-ның ұйымдастыруымен «Тиімділік пен техникалық сәйкестіктің мәселелері – дұрыс түсінік, ықшамдылық және Қазақстанның АЖ/ТҚҚ халықаралық стандарттарына сәйкестік деңгейін арттыру мақсатында сұрақтарға жауаптардың толықтығы өзара бағалаудың екінші раундынан сәтті өтудің кепілі» тақырыбында семинар-тренинг жұмысына Республикалық нотариаттық палатаның атынан Нұр-Сұлтан қаласының нотариусы Санжар Кенжеғали қатысты.

разной правоприменительной судебной и нотариальной практики в свете действующего законодательства о нотариате.

**26 августа 2021 года** в режиме видеоконференцсвязи состоялся семинар-тренинг, организованный АНО «Международный учебно-методический центр финансового мониторинга», на тему «Вопросы технического соответствия и эффективности – правильное понимание, лаконичность и полнота ответов на вопросы как залог успешного прохождения второго раунда взаимной оценки Казахстана на соответствие международным стандартам ПОД/ФТ», в его работе от имени Республиканской нотариальной палаты принял участие нотариус города Нур-Султана Санжар Кенжеғали.

## В РЕГИОНАХ

**Шілде-тамыз айларында аумақтық нотариаттық палаталардың өкілдерімен өткен кездесулер мен іс-шараларға шолу**

**03 шілде 2021 жыл** – Ақтөбе қаласының нотариусы Азамат Қадырбеков Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен «Antikor Ortalygy» сервис орталығының негізінде өткен «Адал көмек» еріктілер жобасының аясында Орталықтың «Instagram» парақшасы арқылы тікелей эфирге шықты және оның барысында нота-

**Обзор рабочих встреч и мероприятий с участием представителей территориальных нотариальных палат за июль-август**

**03 июля 2021 года** нотариус города Актөбе Азамат Кадирбеков в рамках проекта «Адал көмек», запущенного на базе сервисного центра «Antikor Ortalygy» по инициативе Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции, вышел в прямой эфир через социальную сеть Центра в «Instagram», в ходе которого рассказал о последних реформах нотариата и ответил на



риаттағы соңғы өзгерістер туралы айтты және нотариаттық қызметке қатысты азаматтардың сұрақтарына жауап берді, сондай-ақ, қарапайым жазбаша түрдің алаяқтық қауіпі мен нотариалды куәландырылған мәмілелердің қауіпсіз кепілдерін айрықшалады.

**08 шілде 2021 жыл** – Өскемен қаласының нотариусы Сәуле Байтазанова Шығыс Қазақстан облысының әділет департаментінің ұйымдастырылуымен «Ашық есік күндері» науқаны барысында онлайн форматта азаматтарға құқықтық сұрақтар бойынша тегін заңды көмек көрсетілді.

2021 жылғы 10 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласында орын алған өрттің салдарынан Лесхоз ауылының бес көшесінде 31 үй, 5 жеңіл автокөлік, 7 шаруашылық құрылыс үй және ТБС жойылды. Республиканың нотариустары өрттің нәтижесінен зардап шеккендерге қайырымдылық көмек көрсетті.

Сонымен қатар **2021 жылғы 08 шілдеде** Түркістан облысының нотариустары өртте өзінің жалғыз мүлкін жоғалтып алған зейнеткер, еңбек ардагері Эдуард Песовқа материалды көмек көрсетті.

**09 шілде 2021 жыл** – Жамбыл облысының нотариаттық палатасымен Жамбыл облысы нотариустарына арналған Түркістан облысындағы «Ақсу-Жабағылы» демалыс орнында жазғы спартакиада ұйымдастырылды.

**11 тамыз 2021 жыл** – Ақтөбе облысының нотариаттық палатасы 2021 жылға арналған семинар және дәріс сабақтары бойынша нотариустардың кәсіби біліктілігін арттыру жоспарын орындау мақсатында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғам мен «Kaspi Bank» АҚ өкілдерінің қатысуымен онлайн семинар ұйымдастырды. Оның барысында қатысушылар жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелері негізінде мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және нота-

интересующие вопросы граждан, касающиеся нотариальной деятельности, а также обозначил риски мошенничества простой письменной формы и гарантии безопасности нотариально удостоверенных сделок.

**08 июля 2021 года** нотариусом города Усть-Каменогорска Сауле Байтазановой, в рамках акции «День открытых дверей», проводимой департаментом юстиции Восточно-Казахстанской области, в онлайн режиме была оказана бесплатная юридическая помощь гражданам по правовым вопросам.

Нотариусы республики оказали материальную помощь пострадавшим от пожара, разбушевавшегося 10 мая 2021 года в городе Риддер Восточно-Казахстанской области, в результате которого на пяти улицах поселка Лесхоз огнем был уничтожен 31 дом, 5 легковых автомобилей и 7 хозяйственных построек, а также помещение СТО.

**08 июля 2021 года** нотариусами Туркестанской области также была оказана материальная помощь пенсионеру, ветерану труда Эдуарду Песову, потерявшему в пожаре свое единственное имущество.

**09 июля 2021 года** нотариальной палатой Жамбылской области на территории зоны отдыха «Ақсу-Жабағылы» в Туркестанской области организована летняя спартакиада для нотариусов Жамбылской области.

**11 августа 2021 года** нотариальной палатой Актюбинской области, в рамках повышения профессиональной квалификации нотариусов по плану семинарских и лекционных занятий на 2021 год, организован онлайн-семинар с участием представителей НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» и АО «Kaspi Bank», в ходе которого участники рассмотрели вопросы государственной регистрации права собственности на основании договоров купли-продажи недвижимости и подключения к приложению Kaspi Pay для



риаттық қызмет үшін төлем ақыны Kaspi QR арқылы қабылдау үшін Kaspi Pay қосымшасына қосылу сұрақтарын талқылады.

**20 тамыз 2021 жыл** – Семей қаласының нотариустары Алия Измайлова, Алигүл Камакинова және Ирина Торпищева мұрадан бас тарту және мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру сұрақтарына арналған Шығыс Қазақстан облысының Семей қалалық сотымен ұйымдастырылған дөңгелек үстел жұмысына қатысты.

**20 тамыз 2021 жыл** – Жамбыл облысы нотариаттық палатасының конференц-залында нотариаттық палатаның Басқарма мүшелері мен нотариустары Тараз қаласының прокуратурасы, Жамбыл облысының полиция мен әділет департаменттері өкілдерімен кездесу өтті. Оның барысында қатысушылар балалар саудасы мәселелерін талқылады және кездесудің қорытындысы бойынша баланың құқықтары туралы қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгертулер мен түзетулерді ұсынысқа бастамашылық жасау үшін бірқатар ұсынымдар шығарды.

**26 тамыз 2021 жыл** – Түркістан облысының нотариаттық палатасының төрағасы мен нотариустары Раимкул Исахов пен Талғат Тілепов, Гүлзира Дайрабаева «Мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру және мұралық мүлікті қабылдау фактісін анықтау» атты дөңгелек үстел жұмысына қатысты.

принятия оплаты за нотариальные услуги через Kaspi QR.

**20 августа 2021 года** нотариусы города Семей Алия Измайлова, Алигуль Камакинова и Ирина Торпищева приняли участие в работе круглого стола, посвященного вопросам восстановления пропущенного срока для принятия наследства и отказа от него, организованного Семейским городским судом Восточно-Казахстанской области.

**20 августа 2021 года** в конференц-зале нотариальной палаты Жамбылской области состоялась рабочая встреча членов Правления и нотариусов Жамбылского нотариального округа с представителями департаментов юстиции и полиции Жамбылской области, прокуратуры города Тараза, в ходе которой участники обсудили проблему торговли детьми. По итогам встречи выработаны ряд рекомендаций для инициирования внесения изменений и дополнений в действующее законодательство о правах ребенка.

**26 августа 2021 года** председатель нотариальной палаты и нотариусы Туркестанской области Раимкул Исахов и Талгат Тілепов, Гульзира Дайрабаева приняли участие в работе круглого стола на тему: «О восстановлении сроков принятия наследства и об определении факта принятия наследственного имущества».



2021 жылғы «31» мамырдағы  
Республикалық нотариаттық палата  
Басқармасының шешімімен  
бекітілді

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ НОТАРИАТТЫҚ ПАЛАТАНЫҢ ТӘРТІПТІК КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы (*бұдан әрі – РНП тәртіптік комиссиясы*) туралы ереже «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (*бұдан әрі – Нотариат туралы Заң*) 24-2-бабына сәйкес әзірленді және шағымдарды қараудың қағидаттарын, өкілеттіктерін, сондай-ақ негіздерін, мерзімдері мен рәсімдерін айқындайды.

2. РНП тәртіптік комиссиясы – нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдеріне түскен жалпылама тәртіптік тәжірибе шағымдарды қарайтын РНП-ның тәуелсіз органы болып табылады.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарда, соттарда тәртіптік комиссияның мүдделерін РНП білдіреді.

3. РНП тәртіптік комиссиясы өз жұмысында Қазақстан Республикасы Конституциясын, Нотариат туралы заңды және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, Нотариустың әдеп кодексін, РНП Жарғысын, нотариаттық палатаның Жарғысын, нотариаттық палатаның тәртіптік комиссия және шағымдарды қарау тәртібі туралы ережесін, сонымен қатар осы Ережені басшылыққа ала отырып қызмет атқарады.

4. Тәртіптік комиссияның қызметі тәртіптік іс жүргізудегі барлық тараптардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау мен құрметтеуге, Қазақстан Республикасы заңнамасын қатаң сақтауға негізделеді.

Тәртіптік іс жүргізу материалдарын қарау барысында тәртіптік комиссия объективтілік пен әділдікті басшылыққа алады. Комиссияның қызметіне араласуға болмайды.

5. РНП тәртіптік комиссиясының қарау нысанасы нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шығарылған шешімдерінің заңдылығын және негізділігін, тәртіптік істе бар материалдар бойынша белгіленген тәртіппен шағымның дәлелдері шегінде тексеру болып табылады.

### 2. ТӘРТІПТІК КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ

6. РНП тәртіптік комиссиясының құрамына нотариаттық палатаның ұсынуы бойынша төрт, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ұсынысы бойынша жұртшылықтың үш өкілі кіреді. РНП тәртіптік комиссиясының төрағасы нотариус болып табылады.

7. РНП тәртіптік комиссиясы мен оның төрағасын нотариаттық палаталардың төрт мүшесінің құрамында РНП Съезі ашық дауыс беру жолымен, РНП Жарғысына сәйкес қарапайым көпшілік дауыспен төрт жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

8. РНП тәртіптік комиссиясының өкілеттіктері РНП Съезінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

9. РНП тәртіптік комиссиясы РНП Съезіне есеп береді және оны сайлаған орган алдында төрт жылда бір рет есеп береді.

10. Нотариаттық палатаның мүшесі болып табылатын, кемінде бес жыл нотариаттық қызмет өтілі бар, әріптестері арасында мінсіз кәсіби беделі бар, өтелмеген тәртіптік және өзге де жазалары жоқ нотариус РНП тәртіптік комиссиясының мүшесі бола алады.

11. РНП төрағалары, нотариаттық палатаның төрағасы, РНП басқармаларының, нотариаттық палатаның мүшелері, РНП тексеру комиссияларының, нотариаттық палатаның мүшелері, нотариаттық палатаның тәртіптік комиссияларының мүшелері РНП тәртіптік комиссиясының құрамына сайлана алмайды.

12. РНП тәртіптік комиссиясының төрағасы РНП Съезінің шешімі бойынша өз міндеттерін орындаудан босатылуы мүмкін.

Міндеттерін атқарудан босатуға негіз болып табылатын жағдайлар мыналар:

12.1. шағымдар қарау тәртібін және мерзімін бұзу;

12.2. тәртіптік комиссия отырыстарының шешімдері мен хаттамаларын уақытылы рәсімдемеу;

12.3. нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдерін қайта қарау бойынша РНП тәртіптік комиссиясының шешімдерін тараптарға ұсыну мерзімдерін бұзу;

12.4. өзіне жүктелген міндетті еңбекке жарамсыздығы салдарынан екі айдан астам мерзімге дейін орындамау;

12.5. өзіне қатысты тәртіптік істің қозғалуы;

12.6. өз қалауы бойынша.

13. Тәртіптік комиссия төрағасы комиссия жұмысын ұйымдастырады:

13.1. шағымды өндіріске қабылдау туралы мәселені шешеді немесе оны қабылдаудан бас тартады;

13.2. РНП тәртіптік комиссия мүшелерінің міндеттерін бөледі;

13.3. РНП тәртіптік комиссия отырысының күнін белгілейді, күн тәртібіндегі сұрақтарды белгілейді және отырыстарда төрағалық етеді;

13.4. РНП тәртіптік комиссияның шешімдері мен хаттамаларына қол қояды;

13.5. есептік кезеңде тәртіптік комиссияның атқарған жұмысының нәтижесін талдау және жалпылау бойынша комиссияның қызметін ұйымдастырады;

13.6. РНП Съезінде РНП тәртіптік комиссия жұмысының нәтижелері бойынша есеп береді;

13.7. РНП тәртіптік комиссия жұмысының осы Ережеде, РНП Жарғысында және Нотариат туралы заңда көрсетілген міндеттерінің тиісті деңгейде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында басқа да қызметтерді атқарады.

РНП тәртіптік комиссияның төрағасы болмаған жағдайда оның уәкілдік беруімен төрағаның міндеттерін алқа мүшелерінің бірі атқарады.

14. Өз жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін РНП тәртіптік комиссиясының мүшелері бірінші отырыста өз құрамынан ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен хатшыны сайлайды.

15. РНП тәртіптік комиссиясының хатшысы РНП тәртіптік комиссиясының шешімі бойынша өз міндеттерін орындаудан босатылуы мүмкін.

Міндеттерді атқарудан босатуға мыналар:

15.1. тәртіптік комиссия отырыстарының хаттамаларын уақытылы рәсімдемеу;

15.2. нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдерін қайта қарау бойынша тараптарға РНП тәртіптік комиссиясының шешімдерін беру мерзімдерін бұзу;

15.3. өзіне жүктелген міндетті еңбекке жарамсыздығы салдарынан екі айдан астам мерзімге дейін орындамау;

15.4. өзіне қатысты тәртіптік істің қозғалуы;

15.5. өз қалауы негіз болып табылады.

16. РНП тәртіптік комиссия хатшысы:

16.1. нотариаттық палатадан тәртіптік іс жүргізу материалдарының көшірмесін сұратады;

16.2. тәртіптік іс жүргізу тараптарын, РНП тәртіптік комиссиясының мүшелерін РНП тәртіптік комиссиясы отырысының орны, уақыты және күн тәртібі туралы уақтылы хабарлайды;

16.3. РНП тәртіптік комиссияның мүшелеріне тәртіптік іс жүргізу материалдарын танысу және РНП тәртіптік комиссиясының отырысына дайындалу үшін жібереді;

16.4. тәртіптік комиссияның отырысына оның мүшелері мен тараптардың тәртіптік іс жүргізуге келуін қамтамасыз етеді;

16.5. РНП тәртіптік комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді;

16.6. нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясына шешім жібереді;

16.7. тәртіптік істер бойынша есеп жүргізеді, тіркейді және оларды РНП мұрағатына сақтауға береді;

